



айтарлықтай жоғары талғамдылық (86%) көрсететін, шамамен $\text{HPd}(\text{SnCl}_3)_2\text{L}_2$ құрамдағы комплекс бөлініп алынған.

Метанол және этанолдағы олефиндерді гидроэтерификациялау реакциясындағы (100°C , $P_{\text{CO}}=39-70$ МПа) фосфинді лигандтар табиғатының анықтаушы әсері [18] жұмыста көрсетілген. Стирол мен α -метилстиролды PdCl_2L_2 комплексімен катализдеу кезінде іс жүзінде түгелдей сәйкес тармақталған өнімдер алынған, бірақ палладий комплексіндегі трифенилфосфинді дифосфинге (1) ауыстыру кезінде, стирол жағдайында тармақталған изомер үлесі 45% дейін және α -метилстирол жағдайында 4% дейін төмендейді, ал сызықтық изомер мөлшері сәйкесінше өседі.



Алкендерді гидроэтерификациялау реакциясының активті катализаторы палладий хлоридінің трифенилфосфинмен қоспасы болып табылады. PdCl_2 , PPh_3 , және HCl қатысында спирттегі олефиндерді гидроэтерификациялау жақсы жүреді. Бұл реакция «гидридті» механизм бойынша жүретіндігі көрсетілді [19]. Алдымен нөл валентті Pd (2) комплексі түзіледі, одан хлорлы сутегінің тотықтандыра қосылуы нәтижесінде гидридті комплекс (3) түзіледі, ол одан әрі қарай «гидридті» механизм бойынша кәдімгі айналу тізбегіне енеді.



Әдебиеттерде олефиндерді палладийфосфинді комплекстер: PdCl_2L_2 , $\text{PdCl}_2\text{L}_2+n\text{L}$ ($\text{L}=\text{PPh}_3$) қатысында гидроалкоксикарбонилдеу процесінің талғамдылығына (сызықты өнім бойынша) реакцияның түрлі жағдайларының әсерін айқындау бойынша жүргізілген зерттеулер жөніндегі хабарламалар [20-23] белгілі. Трифенилфосфиннің артық мөлшерін арттыру немесе CO қысымын төмендету кезінде талғамдылықтың өсуі негізінен